

Өзін-өзі тану рухани-адамгершілік білімнің аспектісінде әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру

Мақала ЖОО-да «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың әлеуметтік-педагогикалық және теориялық аспектілерін қарастырады.

Рухани-адамгершілік білім беру үдерісінде болашақ әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін жалпыадамзаттық құндылықтарды оқытудың негізгі әдістеріне талдау жасалынды. Жүргізілген талдау негізінде, 5B012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша бакалаврларды дайындауда мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жүзеге асырудың маңыздылығы мен өзектілігі көрсетілді. Балалар үйі жағдайында рухани-адамгершілік білім беру кеңістігі тұрғысынан әлеуметтік педагогты кәсіби белсендіру мәселелері анықталды. Қарастырылған мәселені шешу жолдарын қамтамасыз ететін, рухани-адамгершілік шаралардың негізгі бағдарламалары келтірілді, жетім-балаларды әлеуметтік-педагогикалық қорғау практикалық базасын одан әрі құру және жетілдіру қажеттілігі туралы қорытынды жасалынды.

Түйінді сөздер: гуманизм, жалпыадамзаттық құндылықтар, ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау, рухани-адамгершілік білім беру, бакалавр, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, өзін-өзі тану бакалавры, кәсіби құзыреттілік, кәсіби іс-әрекет.

Формирование профессиональных компетенций социального педагога в аспекте духовно-нравственного образования самопознания

В статье рассматриваются социально-педагогические и теоретические аспекты преподавания дисциплины «Самопознание» в вузе. Проанализированы основные методы обучения общечеловеческих ценностей для формирования профессиональных компетенций будущего социального педагога в процессе духовно-нравственного образования. На основе проведенного анализа показана актуальность реализации государственного общеобязательного стандарта образования при подготовке бакалавров по специальности 5B012300 – «Социальная педагогика и самопознание». Выявлены проблемы активизации профессионализма социальных педагогов в условиях духовно-нравственного образовательного пространства в детском доме. Приводятся

основные программы духовно-нравственных мероприятий, обеспечивающие пути решения рассматриваемой проблемы, делается вывод о необходимости совершенствования и дальнейшей разработки практической базы социально-педагогической защиты детей-сирот.

Ключевые слова: гуманизм, общечеловеческие ценности, истина, любовь, праведное поведение, внутренний покой, ненасилие, духовно-нравственное образование, бакалавриат, государственный общеобязательный стандарт образования, бакалавр, самопознание, профессиональные компетенции, профессиональная деятельность.

G. K. Shirinbaeva,
Almaty

The social aspect of self-consciousness, spiritual and moral education of the professional competence of the teacher

The article examines the socially pedagogical and theoretical aspects of teaching "Self-knowledge" discipline at the university. Main methods of training of universal values for formation of professional competencies of future social teacher in the course of spiritual and moral education are analyzed. On the basis of the carried-out analysis, it shows the significance, importance and urgency of implementing the state compulsory education standards in the preparation of bachelors in the specialty 5V012300 – "Social pedagogy and self-knowledge."

The problems intensify professional social workers in terms of spiritual and moral education space in an orphanage are revealed. The basic programs contained of spiritual and moral activities, providing solution to the problem in the question, conclusion about the need of improvement and further development of practical base of social and pedagogical protection of orphan children.

Key words: humanism, human values, truth, love, right conduct, inner peace, non-violence, spiritual and moral education, bachelor, state mandatory standards of education, Bachelor of self-knowledge, professional competence, professional activity.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы және ҚР Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 5В012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша білім мазмұнына, оқу жүктемесінің көлеміне және бакалаврлардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды реттейтін, құзіреттіліктер тәсіліне негізделген әлеуметтік білім берудің жаңа парагдимасын әзірлеуге байланысты қабылданған маңызды құжат болып саналады. Кәсіби құзыреттер қазіргі маманның инвариантты құраушысы болып табылады.

Сондықтан да олар әлеуметтік-педагогикалық білім берудің барлық деңгейіндегі білім беру стандарттарының МЖМБС ажырамас компонентін

құрап отыр. МЖМБС көлемінде қарастырылған 5В012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бакалаврының білімділік деңгейіне қойылатын талаптар жалпы білім берудегі маманның инвариантты құраушысы (кәсіби құзыреттіліктер) негізінде кәсіби қалыптасуын жүзеге асырады.

5В012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бакалаврының кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар құрамына төмендегілер енеді:

Кәсіби құзыреттілік – білім алушының тұлғалық және әлеуметтік дамуына бағытталған кәсіптік іс-әрекеттерді жүзеге асыруға қабілеттілігі; кәсіптік білім беру бағдарламаларын саналы таңдауы мен бірізділікпен меңгеруіне ықпал ету болып табылады.

Әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мамандыққа қажетті сапалық сипатына қарай: педагогикалық мамандыққа түскенге дейін, кәсіби-педагогикалық дайындық кезінде және әлеуметтік педагог, өзін-өзі тану маманы ретінде атқарған қызметі кезеңінде жүзеге асып отырады.

Бірақ осы кезеңдердің арасында маманды кәсіби педагог тұлғасына дейін дамытатын кәсіби іс-әрекет арасында өзара педагогикалық сабақтастық болуы шарт. Бұл әлемдік білім беру тәжірибесіндегі білім мазмұнын жаңарту үдерісіне байланысты, кәсіби құзырларды игертуге, әлеуметтік белсенділікті арттыруға, еңбек нарығының қажеттіліктерін сәйкестендіруге бетбұрыс жасап жатқандығын айқындайды [1].

Әлеуметтік білім беру мазмұнының базалық принципі – әрбір мектепте әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімінің кәсіби іс-әрекеттерін дамытуды ынталандыратын: өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіруге байланысты ізгі білім беру ортасын құруға бағытталған.

Әлеуметтік білім беруде шығармашылық әрекет құндылықтар жүйесі, мінез-құлық нормаларын меңгерілуімен жүзеге асырылатын, әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімін өмірге бейімдей отырып, гумандық қарым-қатынасын қалыптастыруға, құндылықтар жүйесінде сол өмірге өзінің үлесін қосатын маман етіп даярлайды. Осы тұста Т. И. Петракова ұсынған құндылықтар жүйесінің (табиғи, жүре пайда болатын, абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар) мәнін ашсақ: табиғи – бұл адамның табиғи күйі, жан дүйесінің қабілеті, яғни ақыл-ой, сезімі, күш-жігері; жүре пайда болатын құндылықтар – әдептілік, сыпайылық, сыйластық, жанашырлық; абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар – уақытқа бағынбайтын, ешқандай ортамен, қоғаммен шектелмейтін бүкіл адамзат үшін маңызы зор құндылықтар деген сипаттама бізге әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетте мамандардың ізгілікті қасиеттерін ашуға, оның рухани дамуына абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтардың (ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тынышты, қиянат жасамау) ықпалы басым екенін айғақтайтын пікір

туындатады. Себебі: мамандарға оқытылатын «Өзін-өзі тану» пәнінің тұжырымдамалық негізі – жалпыадамзаттық құндылықтар болғандықтан:

- ішкі үйлесімділікке әсер ететін ақиқат – зияткерлік аспект,
- сүйіспеншілік – адамгершілік аспект,
- дұрыс әрекет – физикалық аспект,
- тыныштық – эмоциялық аспект,
- қиянат жасамау – рухани аспект ретінде қарастырылады[2].

«Өзін-өзі тану» курсының болашақ әлеуметтік педагог маманның тұлғалық сапасын жетілдірудегі пәндік рөлі болып, оның адам бойына жеке тұлға тұрғысынан әлеуметтену барысындағы, қоғамға қызмет етудегі қарым-қатынас құзиреттіліктерді меңгере білуі, білім алушының жеке мінез-құлқының модельденуінің қамтамасыздандырылуымен сипатталады.

Қазақстанның педагогика ғылымы мен практикасының тарихында рухани-адамгершілік білім беру идеясы Сара Алпысқызының бастамасымен жүзеге асырылып, еліміздің бүкіл білім беру жүйесіне «Өзін-өзі тану» пәні болып енгізілді. «Жалпыадамзаттық құндылықтарды оқыту-“Өзін-өзі тануға” негізгі рухани жол болып табылады. Рухани кәусар бұлаққа барар жолды іздеу – әр адамның міндеттерінің міндеті» – деп алға тартқан Сара Алпысқызы «...Біз білім беру жүйесі арқылы қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтарды жаңғыртқымыз келеді. Сол арқылы әр адам өз бойындағы қабілеттерін толық жүзеге асырып, өз мемлекетімізге ғана емес, бүкіл адамзат иігілігіне пайда келтіре алатындай болуы керек...» – дейді [3].

XXI ғасырда көтеріліп отырған «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім – жалпыадамзаттық құндылықтарды іске асыру мен таратудың маңызды механизмі болып табылады. Қазақстан Республикасы «Бөбек» қорының президенті Сара Алпысқызының балалар мен жастарға рухани-адамгершілік білім мен тәрбие беруге арналған «Өзін-өзі тану» авторлық жобасы 2001 жылдан бастап еліміздің 184 білім беру ұйымдарында эксперимент ретінде жүргізілді. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің 2006 жылғы 28 тамыздағы № 462 бұйрығына сәйкес «Адамның үйлесімді дамуы» институтының ғылыми қызметкерлері, педагог ұстаздары дайындаған «Өзін-өзі тану» пәнінің Қазақстан Республикасы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты пәнді оқытуға толықтай негіз бола алады. Аталған стандарттың негізгі қызметі мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру жүйесінде рухани – адамгершілік білім беруді ұйымдастырудың талаптарын жан-жақты айқындайды.

Сонымен бірге, 2009 жылғы мектепке дейінгі кезең, бастауыш, негізгі орта және жоғары мектептерге арналған «Өзін-өзі тану» пәні бойынша бағдарламалар қайта өңделіп, Білім және Ғылым Министрлігіне бекітуге ұсынылды. Жаңа пән өмірдің күрделі жағдайларын талдау, әріптестік ету, шығармашылық, өзін және басқаларды тануда балаларға көмектесетін қазіргі заманғы тәрбиеші, мұғалімнің мүлдем жаңа рөлін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының БҒМ 2010 жылғы 28 маусымдағы №343 бұйрығымен рухани-адамгершілік білім және тәрбие беру бойынша эксперименттік жұмыс алдыға қойған мақсаттарына жетуіне байланысты аяқталды. 2010-2011 оқу жылы Қазақстан Республикасының білім мекемелерінде «Өзін-өзі тану» жаңа пәні енгізілді. Жаңадан енгізілген пәннің мақсаты мен талаптарын түсіндіру, «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасымен жақын танысу және онымен жұмыс істейтін мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатында арнайы семинарлар 2010 жылдан бастап өткізіліп келеді.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім бағдарламасын жүзеге асырудың тарихи ғылыми-теориялық негіздері адамзаттың әлемдік рухани ұстаздарының Сократ, Платон, Аристотель, Конфуций, аль-Фараби, Ю. Баласағұн, М. Х. Дулати, Р. Декарт, М. Монтень, И. Кант, Л. Н. Толстой, Махатма Ганди және т.б. еңбектері маңызды рөл атқарады. Рухани көшбасшысы ұстаздардың ізгілікті ой-пікірлері туралы оқу материалдарын оқыту арқылы өзінің әлеуметтік рөлі мен өмірлік мұратының мәнін ұғынуға; ішкі мүмкіндіктерін толық іске асыруға; қоғамға қызмет ету әлеуетін көтеруге жағдай жасалынады. Ізгілікті дәріптеуші педагог К. Д. Ушинский Оқу ісі тек ақыл – ойды дамытып қоймай, “жүрек”, “сезім”, “ерік” т.б. адамның барлық жағын, барлық өмірін қамтуы тиіс. “Адам сезімін қамтымайтын... оқу жақсы емес. Бұл жағдай барлық ғылым саласында да мүмкін” - дегені қазіргі заманауи ғылымдағы (философиялық, педагогика, психология, әлеуметтік педагогика) білімдерінде рухани бастауларды жаңғырту мәселелерін айқындай түседі [4].

Ғылыми тұрғыдан алғанда әлеуметтік педагогика мен Өзін-зі тану рухани-адамгершілік білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы жалпы білім беру міндеттерін толық атқаратын сипаттамаға лайық болу үшін алты компонентті (гумандық қарым-қатынас, ақыл-ой, адамгершілік, тіл-қатынас, эстетикалық, еңбек ету) мәдени әрекеттеріне сай ескереді. Бұл компоненттер қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге байланысты, жетім балаларды әлеуметтендірудің негізгі құралы болып табылатын (әлеуметтік нормаларды, құндылықтарды, мінез-құлық типтерін меңгеру) білім стратегиясы мен құрылымында көрініс табуы қажет. Әлеуметтік білім беру саласы үшін әлеуметтендіру әлеуметтік-философия, әлеуметтік-антропология тұрғысынан жетік зерттеліп педагогика саласына енген ұғым. Әлеуметтендіру индивидтің әлеуметтік тәжірибені меңгеру нәтижесі, рухани тәрбие мен әлеуметтендіру арасындағы қатынасты салыстырып қарастырады.

Әлеуметтік білім беруде оқытудың әлеуметтік тәрбиелік функциясы – туралы идея Я. А. Каменский, И. Ф. Герbart, А. В. Дистервег, Н. И. Пирогов, К. Д. Ушинскийдің еңбектерінде мазмұндалғанын ескерсек, бүгінгі білім әлеуметтік институт ретінде кешегі ірі рухани тұлғалардың тәжірибесімен, әлеуметтік орта, жалпыадамзаттық құндылықтармен білім мазмұнын


толықтыра отырып, болашақ толық әлеуметтенген тұлғаны қалыптастырады. Себебі: әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесі – бұл мемлекеттің, қоғамның және білім беру саласының «өнімін тұтынушылардың» – жалпы алғанда өркениет пен нақтылы адамның рухани және интеллектуалдық күйі үшін маңызды, жалпыадамзаттық құндылықтар құндылықтар жүйесін иелену фактілері болып табылады.

Әлеуметтік педагогтың балалар үйіндегі қызметінің мазмұнында «өзіне деген махаббат» ұғымы – өзін қабылдау, өзінді сыйлаудың жоғары дәрежесі қарастырылады. «Мен» тұжырымы, өзін-өзі бағалаудың жоғарлығы, т.б. сөздермен балама қолданылатыны ескерсек, жетім баланың туған анасын алмастырған бірнеше «аналардың» болуы балалар үйі тәрбиеленушілерінің тұлғалық дамуына, мінез-құлық, жүріс-тұрысына тигізер кері әсері жайлы бірқатар психологтер қарастырған. Аталмыш мәселеге қатысты зерттеу жүргізген Мухина В. С. мынадай қорытындыға келді: «неше адам қамқор болары бала үшін маңызды емес, ең бастысы әр бала қамқорлық пен сүйіспеншілікті танып, сезініп өсуі қажет». Тәрбиешілердің жеткіліксіз болуы да бала дамуын тежейді. Бұл даму ең алдымен ересектермен қарым-қатынас процесінде, іс-әрекет барысында жиі байқалып отырады. Ал нәресте неғұрлым жас болса, соғұрлым ол әлсіз болады да, қай жерде өмір сүрсе, соған тәуелділігі айқын көрінеді [5].

Зертеуші ғалымдар балалардың басқа адамды танып-білуге ұмтылу, ниет білдіру ерекшеліктерін атаған. Әлеуметтік педагогикалық жұмыстың бірлесе орындаған әрекеттер түрі, бос уақытты ортақтаса өткізу жетім балаға ересектерді жаңаша тануына мүмкіндік беретінін, нәтижесінде, жетім балалар өмір сүруі барысында қолдайтын терең эмоциялық және рухани қатынас орнап, ересектер мен жетім балалар арасында тұлға аралық ізгілікті қарым-қатынасы оңтайлы бағыт алатынын В. С. Мухина анықтаған. Ғалымның зерттеулерін ескере отырып, әлеуметтік-педагогикалық қоғамдық жұмыстарға араластырып, аудиториядан тыс «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім бағдарламасы негізінде, жетім балалар арасында ізгілікті басқару, әдістемелік-ұйымдастырушылық жұмысы ұйымдастырылды, ерікті белсенді ұстанымын дамыту міндеті орындалды.

Ұйымдастырылған аудиториядан тыс студенттердің әлеуметтік-педагогикалық жұмысы, жетім балаларды білім беруді әдеттегі үйреншікті сана-сезім шеңберінен алып шығып, рухани деңгейіне көтеру, ізгілік қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік тудыру болып табылады. Суретте көрсетілген жетім балалардың қарым-қатынасын ізгілендіру және бос уақытын ұйымдастыру формасы әлеуметтік-педагогикалық кәсіби іс-әрекеттер түрлерін толық қамтылған 5В012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы бойынша стандартқа негізделіп құрылған «Мейірім» клубы бойынша өткізілетін іс-шаралар жоспары негізінде жүзеге асты. Бір

сөзбен айтқанда жетім балалардың өмір сүру мотивациясы көтерілді. Ізгілікті қарым-қатынаста жұмыс істеуге үйренді. Сурет – 3.



Сурет – 3. Жетім балаларға «Қамқоршылық» ету жобасы бойынша ізгілікті басқару жүйесінің құрылымы.

Әрбір жетім бала өзін-өзі тану қажеттілігін сезінді, табиғатпен өзара байланысын, жанашырлық ізгілікті әрекеті дамыды. Себебі: зерттеу жұмысымыздың нысанына айналып отырған жетім балалар үйінің тәрбиеленушілері тіпті табиғатпен орнаған шектеулі қарым-қатынас факторы, қаншалықты әлеуметтік және рухани тұлғалық дамудың тетігі болып табылса, оның бұзылуы да қайта қайталанатын қиындықтарды белгілейтін факторы болып саналады. Оның кемшілігі психикалық дамудағы артта қалушылықпен, сезімдік ауытқушылықтармен мазмұндалады.

Аталған қайырымдылық акцияларға демеушілік қолдау көрсетіледі және де жетім балалар ат салысып өзін-өзі тану қажеттілігін жүзеге асырды. Осында қайырымдылық істерге жұмылдыру сабақтан тыс «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасын жүзеге асыру барысында жетім балалардың ерекшеліктерін жан-жақты диагностикалау арқылы олардың ішкі мүмкіндіктері мол екені анықталды. Суреттегідей ізгілікті басқару жүйесі зерттеу тақырыбымызға байланысты қарастырылған әлеуметтік-педагогикалық және рухани-адамгершілік бағытта жетім балалардың тұлға аралық қарым-қатынасын ізгілендірудегі нәтижесі олардың өзін-өзі тану қажеттілігін қамтамасыз етіп отыр. «Өзін-өзі тану» пәнінің рухани-

адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша берілген жаңа әдіс-тәсілдері, сабақтан тыс «Өзін-өзі тану» және ізгілікті бағыттағы оның ұстанымдарын ескереміз. Ғалымдардың кәсіби құзіреттілік түрлерін анықтау тұжырымдарының барлығына салыстырмалы түрде талдау жасасақ, әлеуметтік педагогтың кәсіби құзырлығы оның маман ретінде тұлғалық-қызметтік бағыттарымен сабақтасып жатқандығын көруге болады.

Себебі: 5B012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бакалавры біліктілік сипаттамасына негізделген кәсіби құзырлылықты игерген болашақ маман, адамның еркін рухани дамуына бағытталған мемлекеттің әлеуметтік саяси қызметтер жүйесінің өзара тиімді әрекетін ұйымдастыруда, жалпыдан жекеге бағытталған барлық кәсіби-құзыреттіліктер кешенінің даму міндеттерін айқындайды.

Осылайша, студенттердің «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім теориясын аудиториядан тыс әдістерін қолдану арқылы ғылыми іс-әрекеттің өзгешелігін меңгеруі, оларға өздерінің кәсіби іс-әрекетінің мазмұнымен шығармашылықпен жұмыс істеуге көмек береді.

Әлеуметтік жұмыс адамдардан барлық идеологиялық, мұқтаж адамдарға көмек көрсету үшін бірігуді талап ететін осындай практикалық іс-әрекеттің үлгісі болып табылады. Әлеуметтік жұмыстың жаһандық сипатында оның нақты, практикалық гуманизмі болады.

Әлеуметтік қызметкердің бұл іс-әрекеті дәрігердің іс-әрекетіне ұқсас болады: дәрігер үшін пациент – ең алдымен, қандай діни сенімде болса да, емдеуді қажет ететін ауру адам, ал әлеуметтік қызметкер үшін клиент – ең алдымен, мұқтаж адам және өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға толық құқығы бар адам.

Жалпы белгілері бойынша, гуманизм басқа дүниетанымдық жүйелерден адамға деген көтеріңкі зейін аударумен, адамзатты жоғары құндылықпен байланыстыруымен айрықшаланады. Бұл тұрғыда гуманизм тарихы философия пайда болмас бұрын, тіпті философиялық ілім мен дәстүр түрінде қалыптасқанға дейін басталады. Философиялық гуманизмнің үлгілерін алғаш рет бірінші қытай философтары Лао-цзы, Конфуций, Мо-цзыда табуға болады. Адамның іс-әрекетінің жоғары мақсаты (әлеуметтік жұмыс) ретінде адам алынады, жоғары қызметі ретінде – адамға қызмет ету, игілігі ретінде – адамның игілігі алынады. Клиент – гуманистік индивидуализм рухына да – қайталанбас, бірегей тұлға ретінде қабылданады[6].

Әлеуметтік қызметкер гуманистік идеяның мұрагері болып табылады, салауатты денеде тек салауатты және еркін рух болады. Ауру, уайымдар руханилықтың дамуына емес, адамзаттың бақытсыздығымен қатар жүреді. Уайымдар, азаптың өзі рухани жетілдіру қызметін атқарады.

Әлемдік мәдениеттің әрі қарайғы тарихында, гуманизм философиялық және әдеби қозғалыс ретінде айқындалмады. Бірақ, бұл оның жоғалып кетуін білдірмейді. Адам әлеуметтік тұрғыда аса кемелденген, жетілген болса, ол

өзін-өзі тануға аса қабілетті болады. Өмір мен әлеуметтік педагогтың іс-әрекетіне қойылатын кәсіби міндеттер мен талаптардың артуы, өзін-өзі танудың қажеттілігін өзектендіре түседі. Өзін-өзі тану – жететін мақсаттан гөрі, үздіксіз үдеріс болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 5B012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. «Жоғары білім. Бакалавриат». – Астана, 2010. 09. 01.

2. Петракова Т. И. Ценностный потенциал базового образования в духовно-нравственном воспитании учащихся // Образование: исследовано в мире. – М. : ОИМРУ, 2000.

3. Мукажанова Р. А, Омарова Г. А. Методика преподавания дисциплины «Самопознание» в школе : учеб.-метод. пособие для учителей. – Алматы : Бобек, 2013. – 128 с.

4. Мукажанова Р. А., Сакенова Е. Н., Исмаилова О. Г., Абулхасанов Г. Е. Организация внеклассной работы в пилотных школах с интеграцией программы нравственно-духовного образования «Самопознание» в единое образовательное пространство : метод. пособие для учителей. – Алматы : Бобек, 2014.

5. Мухина В. С. Возрастная психология: Феноменология, развития детства, отрочество : учебник для студентов вузов. – 6 изд. стереотип. – М. : Академия, 2000. – 456 с.

6. Философия в духовном развитии человека на пороге третьего тысячелетия / науч. рук. А. Г. Косиченко, Ин-т философии и политологии МОН РК. – Алматы, 2002.